

ӘОЖ 316.77.070

А.Ә. Құрманбаева\*, А.Б. Әлімжанова

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: alma\_kurmanbaeva@mail.ru

### Оқытудың озық технологиясы – қашықтан оқыту

Мақалада қашықтан оқыту технологиясындағы интерактивті өзара іс-әрекет пен оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технологиялар сөз етіледі. Компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістерді түсіндіреді. Жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде телекоммуникациялық және электронды басылымдар дәстүрлі оқыту түрінің барлық құндылықтарын сақтайтындығын баяндайды.

**Түйін сөздер:** қашықтан оқыту, желілік технология, кейстік технология, интерактивті әрекеттесу.

А.А. Курманбаева, А.Б. Алимжанова

#### Prospective education – distance learning

This article discusses the challenges of distance learning. Based on the analysis of the current state of distance learning and capabilities of distance learning technologies outlined the main challenges of distance learning. The basis of a theoretical and methodological framework defined by the trinity of teaching and integration of information and communication technologies, integrating the capabilities of the tools of distance learning, information integration through the use of informatics and mathematical methods in creating network management teaching materials and distance learning.

**Keywords:** distance learning, network technology, case technology, interactive action

А.А. Курманбаева, А.Б. Алимжанова

#### Перспективное образование – дистанционное обучение

В данной статье рассматриваются проблемы развития дистанционного образования. На основе анализа современного состояния и технологических возможностей дистанционного обучения определены основные задачи развития данного вида образования. Основой создания теоретико-методологической базы определено триединство интеграции педагогических и информационно-коммуникационных технологий, интеграции возможностей инструментальных средств дистанционного обучения, информационной интеграции на основе использования информатико-математических методов при создании сетевых дидактических материалов и управлении дистанционным обучением.

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, сетевая технология, кейс технология, интерактивное действие.

Әлемдік тәжірибеде қашықтықтан білім берудің орны ерекшеленіп тұрғандықтан, еліміздің білім беру жүйесінде де ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі күннен-күнге артып келеді. АҚШ-та 1 миллионнан астам адам қашықтықтан оқыту арқылы білім алса, Францияның ұлттық қашықтықтан оқыту орталығы жыл сайын әлемнің 120 мемлекетінен

35 мыңнан астам қолданушыларды қамтамасыз етеді. Ал Түркияда алыс аймақтағы тұрғындарға мамандық алуға көмектесу мақсатында 1974 жылдан ашық университет жұмыс істейді екен. Қосымша сабақ ретіне теле-радио арқылы курстар өткізеді. Осылай 12 000-нан астам қолданушыларды игереді.

Қашықтықтан оқыту тарихы XIX ғ. орта-

сынан басталады. Қашықтықтан оқытудың шетелдік және отандық тәжірибесі көрсеткендей бүгінде аккредитацияланған қашықтықтан оқыту сапа жағынан дәстүрлі оқытудың эквиваленті болып табылады. Қазір дәстүрлі қашықтықтан оқыту, электронды қашықтықтан оқыту, аудиториялық сабаққа түрлі электронды құралдарды пайдалану сияқты қашықтықтан оқыту үлгісінің 2000-ға жуық түрі бар екен. Соның ішінде еліміздің жоғары оқу орындарында кейс, желілі және телевидение сынды ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының көмегімен қашықтықтан оқыту түрі таңдалған болатын.

Бүгінгі таңда шетелдік компаниялар өздерінің электронды оқыту платформаларын ұсынып және оларды отандық оқу орындарына сатып та үлгергендері бар. Шетелдің өнімдерін сатыпалған университет сол елдің жоғары оқу орындарымен байланыс жасап, әлемдік білім беру, ақпарат кеңістігіне жол ашуды көздейді. Бұл орынды да. Десек те, қыруар қаржыға сатып алған шетелдің өнімін ертеңгі күні тілін тауып дұрыс қолдана аламыз ба? Ол шын мәнінде, бізге қажет пе, жоғарыдағы талаптарға сайма? Оны игеру үшін алдымен оның тілін білетін мамандар қажет. Оған университеттің электронды материалдық оқыту базасы қаншалықты дайын? Жоғары оқу орындарының өздері өндірген өнімдерінің соңғы үлгідегі әлемдік стандартты білім жүйесіне сәйкестіктері қанша? Профессор-оқытушыларды дайындау қалай жүргізілуде? Осы сынды шешімін таппай жататын сан алуан сұрақтар қашықтықтан оқытуды оңтайлы жүргізілуін тежеуде. Сонымен, еліміздің жоғары оқу орындары арасында бірізді қашықтықтан оқыту жүйесінің қалыптаспағанын аңғарамыз.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, қашықтықтан оқытудың тиімділігі – студенттің университетке бармай-ақ, өзіне ыңғайлы жерде отырып, берілген тапсырманы орындай беретіндігі, яғни уақыттың ұтымдылығы, екіншіден, оқу ақысының арзан болатындығы, шалғайдағы шетел жоғары оқуорнын елде жүріп-ақ оқып, диплом алу мүмкіндігінің болуы [1].

Қашықтықтан оқыту – оқытушының студент пен оқыту құралдары арқылы интерактивті қарым-қатынас әрекет үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық-педагогикалық технология (ереже бойынша компьютерлік техника). Қашықтықтан оқыту артықшылықтары төмендегідей болып табылады: кез

келген жерде, кез келген мерзім де оқуға мүмкіндігі бар; кәсіби қызметпен қатар білім алуға болады; оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, студенттер мен оқытушылар арасындағы белсенді диалог, оқу ақпаратына мүмкіндік беру; білім алушының мекен жайына, денсаулық жағдайына, элитарлық және материалдық жағдайына қарамастан тепе-тең дәрежеде білім алуға мүмкіндігі бар.. Қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалана білім беру үрдісінің негізіне арнайы жасалған оқу-әдістемелік материалдар мен білім алушының мақсатты және бақыланатын өзіндік жұмыс жасауы алынған. Қашықтықтан оқытудың компоненттері мен әдістемелік тәсілдері оқытудың мүмкіндігінше ыңғайлы және тиімді етуге бағдарланған.

Қашықтан білім беру деген термин жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, істеп жүрген жұмысынан немесе оқудан қол үзбей білімді жетілдіру ісін жүзеге асыру деген мағынаны білдіреді [2]. Бұл сөздің мәнін тереңірек ашар болсақ қашықтан білім беру ісі оны жүзеге асыру бағытындағы әдістер мен тәсілдерді жете меңгеруге талпынғаннан гөрі осындай мүмкіндіктер болашағын жете ұғынып, оның қажет екендігін түсінуден тұратынын байқауға болады.

Қашықтан оқыту үздіксіз білім беру тәсілінің бірі болып саналады. Ол білім жетілдіруге арналған ақпараттармен қамтамасыз ету тұрғысынан алынғанда әрбір адамның білім алып, керекті мәліметтерден хабардар болуы жөніндегі құқын орындайтын негізгі мүмкіндік рөлін атқарады. Білім берудің бұл тәсілі ақпараттық технологияларды және оқу материалдарын студенттер санасына ұғынықты етіп жеткізіп, оларға оқу бағдарламасын өз беттерімен оқып үйренуге, студенттер мен оқытушыларды өзара сұхбаттасу арқылы пікір алмасуына және оларды техникалық құралдарды кеңінен қолдана білуге машықтандыруға бағытталған.

Қашықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, күндізгі-сырттай, кешкі және сырттай оқытудың элементтері үйлестірілген ерекше, жетілген түрі.

Қазіргі замандағы телекоммуникациялық және электронды басылымдар дәстүрлі оқыту түрінің барлық құндылықтарын сақтай отырып, кемшіліктерін жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

Оған қоса оқу процесі уақыттан тәуелсіз «кез келген шақта», нақты білім беру мекемесіне орналасуына қарамастан жүргізіле береді. Осындай ерекшеліктеріне қарай қашықтан білім берудің бірегей жүйесін құру мен оны дамыту бағытындағы басты мақсаты студенттерге азаматтық және әскери мамандық иелеріне өз еліміздегі және шетелдердегі шәкірттерге олардың қалаулары бойынша кез келген оқу орнынан білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Ол білім берудің дәстүрлі түрлеріне, қарағанда, оқуға жұмсалатын шығын мөлшерін 2-3 есеге қысқарту есебінен халықтың осы жаңа тәсілімен оқуына кеңінен жол аша отырып, оқыту сапасын анағұрлым жақсарту түсуді де қамтамасыз ете алады.

Дүниежүзіндегі қашықтан білім беру соңғы он жылдықта қатты қарқынға ие болды. Соның нәтижесінде білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Оқытушы мен студент жеке-жеке сөйлесіп, сабақтың қоспаларында жазылған материалдарды түсіндіреді. Оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүзінде жұмыс істей білуі шарт.

Қашықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушылар және осы істе басқа да мүдделі адамдарға мына төмендегідей міндеттер жүктеледі [3]:

- оқытушының компьютерлік сауаты жоғары болуын қамтамасыз ету;
- қашықтан оқытудағы алда тұрған мақсаттар мен міндеттер, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы түсіндіруі;
- қашықтан оқыту технологиясымен таныстыруы;
- оқытушының ақпараттық құралдарымен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы;
- оқытушының осы курс бойынша ақпараттық құралдарымен жұмыс істеуге дағдылануы, оның консультациялық кеңес берудегі, оқушыларымен сұхбат өткізудегі ақпарат берудегі, яғни оқу процесін тіркеудегі мүмкіндіктері;
- оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға (жүйедегі мәліметтер базасын) дағдылануын қалыптастыруы;
- жинақталған түрде оқу бағдарламасын

құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндауы;

- оқу процесін қашықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау оқытушының ролін тек білімге «түсініктеме беруші» деп қарастырмай, ашық, икемді де бейімді болып келетін қашықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу процесіндегі үйлестіруші деп қабылдау.

Қашықтан оқыту жүйесін техникалық тұрғыда қазіргі замандағы телекоммуникациялық жүйелермен техникалық құралдарды пайдалану тұрғысында және әкімшілік-ұйымдастырушылық тұрғыда қашықтан оқытудың мемлекеттік орталығын, аймақтық – салалық және ақпараттық орталықтарын құру және осындай орталық басқа оқу орындарында да құру тұрғысынан алып қарағанда, қашықтан оқыту жүйесі көпдеңгейлі болып келеді.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарында қашықтан оқыту жүйесі ұйымдастырылып, сол жұмыстарды жүргізудің әдістемелік негіздері жаңа ғана қалыптасып келеді.

Үшінші мыңжылдық адамын қалыптастыру – дүниежүзілік, соның ішінде қазақстандық білім беру жүйесі алдындағы жауапты міндет.

Оқытудың жаңа технологиясын, ең алдымен, білім сапасын жақсартатын, жалпы бұқараға білім берудің қамтитын, қашықтан білім беру жүйесін дұрыс түсінсек, оның бағытын дұрыс анықтасақ және оны жүзеге асыру барысында көргендік танытсақ отандық білім беру жүйесі өз алдына қойылған тарихи тапсырысты абырой мен орындап шығады деп сенеміз.

Қашықтан оқыту жүйелері тек білім берудің ұлттық жүйелерінде ғана дамып қана қоймай, кәсіпкерлік саласында дайындық жүргізуге бағытталған коммерциялық компаниялар тарапынан да қолдау тауып, өрістей түсуде. Атап айтқанда, қашықтан оқыту тәсілімен жүргізілетін жоғары білім беру жөніндегі бағдарламалардың төрттен бір бөлігі кәсіпкерлік саласын қамтиды. Осындай бағдарламалардың ішінде бакалавр, магистр дәрежелерін алу жолындағы мамандарды дайындау туралы бағдарламалар саны басымырақ.

Бұл күндері NTU және EuroPace корпорацияларын есептемегеннің өзінде де тек IBM фирмасының ішкі спутниктік қайта даярлау және біліктілікті жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру электрондық жүйелері жоғары білім беру ісіндегі аса маңызды бөлім болып табылады [4]. Жекеше

корпоративті компаниялар білім беру желілерін қашықтан оқыту ісіне кең пайдаланып келеді, олардың қатарында General Motors, J.C. Penney, Ford, Walmart, Federal Express және басқалары бар. Осы оқыту жүйелері университеттерде құрылған қашықтан оқыту жүйелерінен саны жағынан да, күрделілікпен кең таралуы жағынан да анағұрлым артық болып саналады.

Қазіргі заманғы техникалық құралдардың көмегімен білім беру ақпараттық технологияларды игерудің көп тараған тәсілдерінің бірінен саналады. Егер терең білім алу – ең басты бағыт дейтін болсақ, онда қашықтан оқыту жоғары технологияларды қолданып оқытудағы аспаптық құралдардың ішіндегі ең күшті компоненті бола алады. Жалпы қашықтан оқыту деген сөзге әлі онша көп мән берілмей келеді. Оның басты себебі бұл топ оқытудың өте көп салаларында пайдаланып, оның тек бір саладағы орнына онша көп маңыз берілмейді. Дәстүрлі түрде бұрыннан қолданылып келе жатқан аудиторияларда өткізілетін сабақтар оқытушының басқаруымен өткізілетін болса, қазіргі кезде оның орнына компьютерлендірілген электрондық оқу құралдарын пайдалану әдістері кеңінен қолданылып келеді. (Computer-Based Training) [5]. Қазіргі кезде оқу материалдарын сыныптағы жергілікті компьютер желілері арқылы немесе Интернет жүйелері бойынша алуға болады. Интерактивті түрде компьютерде оқытудың саналуан түрлері бар, оның бұрынғыға қарағанда мүмкіндіктері де өте мол. Осындай мүмкіндіктер қатарында оқу курсы виртуалды аудитория (Web) көмегіне сүйене отырып, дыбыспен оқыту бөлмелерінде өзіңе ұнайтын мұғалімнің дәрісін тыңдай отырып жүргізуге болады. Оған қоса бір бірінен қашықта орналасқан оқытушы мен оқушы арасында компьютер арқылы сұхбат жүргізу арқылы, электрондық пошта байланысын пайдалана отырып, алыстан пікірталас өткізіп, аудиобайланыс, теледидар арқылы көрсетілімдік конференцияларға қатысу көмегімен білім алу жолдарын кеңейтуге мүмкіндіктер ашылды. Интерактивті зертханалардағы эмуляторлармен жұмыс істеу, нақты уақыт аралығында оқу курсының материалдарын жаңарту жолымен білім алу, т.с.с. мүмкіндіктері бар синхронды және асинхронды категорияларға жіктелетін оқыту түрлері етек алып келеді.

Қашықтан оқыту ісі көпшілік арасында кеңінен тарап әйгілі болған сайын, осы істің салыстырмалы түрдегі анағұрлым ыңғайлы

тәсілдерінің құндылығы жөніндегі пікірталастар толастамауда. Білім беру ісіндегі жаңа, әрі маңызды болып табылатын ақпараттық және желілік технологияларды пайдалану тәсілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылай отырып, қашықтан оқыту әдісінің болашағы зор екенін тағы да баса айтқымыз келеді. Сондықтан қашықтан оқыту бағдарламаларының дұрыс критерийлерін тауып оларды реттеу қажет деп санаймын.

Қашықтан оқыту кезіндегі білім беру үрдісінің негізін жеке кесте бойынша өзіне ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндігі болатын, оқытудың арнайы құралдары жиынтығы өзінде бола отырып, электронды және қарапайым пошта, телефон арқылы оқытушылармен келісілген байланыс жасауына, сонымен қатар, күндізгі бөлімде де мүмкіндігі болатын, оқып үйренушінің мақсатқа бағытталған және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысы құрайды.

Қашықтан оқыту білім жүйесі жоқшылыққа, географиялық немесе уақытша оқшаулануға қатысты себептермен, әлеуметтік қорғаны жоқ және дене бітімі жетілмеуіне байланысты білім мекемелеріне бару мүмкіндігі жоқ немесе өндірістік және жеке жұмыстары болу себебінен, ешкімнің оқуға мүмкіндігін шектеуге болмайды деген гуманистік қағидаларға жауап береді.

Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытудың 2 технологиясы пайдаланады [6]:

1 – желілік технология – Интернет арқылы оқу. Университеттің білім беру порталында студенттер электрондық курстарға тіркеледі, ондағы бар материалды дәрістер және басқа оқу қорлары бойынша оқиды. Сосын автоматты түрде тестіленеді немесе тапсырмалар орындайды. Оқытушы, тапсырманы тексеріп, пікір жазып, баға қояды.

2 – кейстік технология, студентке оқу-әдістемелік кейс, яғни семестрге барлық материалдар мен тапсырмалар беріледі, ол тапсырмаларды орындап, график бойынша оқытушыға жіберіп отырады. Сонымен, қашықтықтан оқыту технологиясы студенттердің тьютор (оқытушы-кеңесші) басқаруымен дербес оқуына негізделген. Семестр бойы кесте бойынша онлайн режимінде кеңестер беріледі. Сонымен қоса, студенттер бетпе-бет кеңестер немесе электрондық пошта арқылы кеңестер алуына болады. Емтихандар алдында студенттермен аудиториялық сабақтар да жүргізіледі. Қала студенттері, үйлеріне Интернет қосылмаса,

көптеген университеттерде компьютерлік сыныптарында ақысыз оқи алады. Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:

Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану:

- интерактивті әрекеттесу формалары;
- сапалы білім алу;
- уақытты үнемдеу;
- ыңғайлы уақытта оқу;
- территориялық шектеулер жоқ;
- денсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ.

Ал, бүгінгі күні еліміздің барлық жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту технологиясы енгізілген. Өзіңіз қалаған университеттің сайтына кіріп бұл туралы мәліметті алуыңызға болады.

Желілік технология – білім алушылардың

оқытушылармен және бір-бірімен интерактивті қарым-қатынас түрінде, сондай-ақ интернет жүйесін қолдану негізінде оқу үрдісін басқаруда оқу-әдістемелік материалдармен қамтасыз ету технологиясы.

Кейс технологиясы – қағазды, электронды, өзге де жеткізу түрінде және оларды өз бетінше оқитын білім алушылар үшін жіберілетін мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы негізінде жинақталған технология.

Біз үшін қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ.

#### Әдебиеттер

- 1 Богданова Д., Федосеев А., Христочевский С. Телекоммуникации для образования // Информатика и образование. – 1993, N2. – С.27-29.
- 2 Зайченко Т.П. Основы дистанционного обучения: Теоретико-практический базис: Учебное пособие. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2004. – 167 с.
- 3 Полат Е.С., Моисеева М.В., Петров А.Е. Педагогические технологии дистанционного обучения / Под ред. Е.С.Полат. – М.: Академия, 2006.
- 4 Теория и практика дистанционного обучения / Под ред. Е.С.Полат. – М.: Академия, 2004.
- 5 Хуторской А. Дистанционное обучение и его технологии // Компьютерра. – 2002. – №36. – С. 26-30.
- 6 Демкин В.П., Можяева Г.В. Технологии дистанционного обучения. Монография. – Томск, 2008. – С.124.

#### References

- 1 Bogdanov D., Fedoseev F., Hristoshevski C. Telekommunikfshi dly obrazovaniy.|| Informatika I obrazovanie,1993, N2, s.27-29.
- 2 Zaizhenko T.F. Osnovy distancionnogo obucheniya: Teoretiko-prakticheskii bazis: Uchebnoe posobie. – SPb: izd-vo RGPU im. A.I.Gercina, 2004. – 167 s.
- 3 Polat E.S.,Moiseeva M.V., Fetrov A.E. Pedagogicheskie tehnologii distancionnogo obucheniya pod.red. E.S. Polat. – M.: Akademiya,2006.
- 4 Teoriya I praktika distancionnogo obucheniya/ pod.red. E.S. Polat. – M.,»Akademiya»,2004.
- 5 Khutorskoi A. Distancionnoe obuchenie I ego tehnologii. Kompiuterra. – 2002. – №36. – s. 26-30.
- 6 Demkin V.P.,Mjzhaeva G.V. Tehnologii distancionnogo obucheniya. Monografiya – Tomsk, 2008.c.124.